



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

жүзіне белгілі ғалымдылардың туындылары екен. Десек те осы табылған кітаптар парсы, араб, түрік, өзбек, үнді тілінде жазылғаны анықталған. Бұл Оразмағанбеттің бай кітапханасындағы ірі кесекті шығармалары, әрі өзі пайдаланған баға жетпес мұралары болатын. Өкінішке орай осы 120 кітаптың 51 данасы сақталып, қалғандары қолды болып кетті. Осы табылған кітаптар ғылыми мұралар болып табылады.

Кітаптың ішінде минералдық байлықтарды зерттеуге арналған оқулықтармен қатар діни кітаптары да кездеседі. Мысалы араб тілінің морфологиясы мен синтаксисі, грамматикасы, дін тануға арналған, басқа да ғылыми негізге арналған кітаптарды оқып пайдалануы, ахун атамyzдың сұңғыла ғұламалығын дәлелдей түседі.

ҰЛТТЫҚ ЖАЗУ. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХЫ

Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.

Б. Момышұлы

Б.М. ЕСЕНБАЕВ,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Тарих факультеті студенті

Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл болмаса сөз болмайды. Сөз болмаса адамзаттың тірлігінде мән-маңыз болмайтыны белгілі. Демек, тілдің, сөздің орны ерекше.

Ана тілі – бұл әкенің тілі, туған халықтың тілі. Ана сүтіндей бойымызға біртіндеп сіңеді. Халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадыр-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады.

Менің ана тілім - қазақ тілі. Қазақ тілі өзінің даласындай бай. Қазақ тілі қасиетті қазақ домбырасының үнімен үндесіп жатады. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңқылдап, еркін есіп тұрады. Оны біз кішкентай кезімізден әке-шешемізден, әжеміз бен атамyzдан білеміз. Себебі, қазақ тілі – ол біздің ана тіліміз, ол біздің баба тіліміз.

Қазақ тілінің тарихы тереңнен бастау алады, ол алтай тілдері семьясының түркі тілдері тобына жатады. Ал, жалпы Алтай тілдері семьясына түркі тілдерінен басқа тұңғыс-манчжур, монғол, фин-угро тілдері де кіреді. үркі халықтары Солтүстік Мұзды мұхиттан бастап Жерорта теңізіне дейінгі дейінгі ұланғайыр аумақта тұрады. Біздің есебімізше 60-тан астам түркі халықтары бар. Сол халықтардың арасында қазақ тілінде сөйлейтін 11 млн адам тұрып жатыр. Олар Қазақстан, Қытай, Монғолия, Ауғанстан, Тәжікстан, Түркия, Түркіменстан, Украина, Өзбекстан, Ресей, Иран секілді елдерде көптен таралған. Қолданыста, әлемдік рейтинг бойынша 87-ші орынды алып тұр.

Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, соның ішінде қарақалпақ, ноғай, қарашай тілдерімен бірге қыпшақ-ноғай тармағына жатады. Сонымен қатар қырғыз, татар, башқұрт, қарашай-балқар, құмық, қарайым, қырымтатар тілдеріне жақын.

Кейбір ғалымдардың пікірінше қазақ тілі 3 диалектіге бөлінеді: нағыз қазақ, ноғай, қарақалпақ. Ал енді оның жазуына тоқтала кетсек. Қазақ жазуы – қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әр түрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі. Қазақстан жерін жайлаған көне ғұн, сақ тайпалары (б.з.б. 5 – 4 ғ.) пайдаланған көне (“Есік жазуы”) жазу сол тайпаларға тән мәдениеттің (жазуының да) тарихи мұрагері – қазақ халқының негізін құраушы үйсін, қаңлы, қыпшақ, т.б. тайпалардың ең көне жазуы болып саналады. Көне замандағы қазақ ру-тайпаларының түркі дүниесіне ортақ Орхон-Енисей, Талас ескерткіштеріне негіз болған “руна” жазуы (5 – 12 ғ.), көне ұйғыр жазуы, 8 ғ-дан бастап 1929 жылға дейін Қазақстанда қазақ араб жазуы пайдаланылды. Қазақ тілінің жазу тарихында әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық

әліпби деңгейіне жеткен.Қазақ жазуы бірнеше рет өзгеріске ұшыраған. 20 ғасыр басында Араб графикасына негізделген қазақ әліпбиін кезінде А.Байтұрсынов реттеп, тіл ерекшеліктеріне сай жетілдірді, ол 30-жылдарға дейін “төте жазу” деген атпен қолданылып келді .Қазіргі кезге дейін Қытай еліндегі қазақтар осы жазу үлгісін пайдаланады. Бұл жазудың емлесі морфол. дәстүрлі шарттарға негізделген. 1929 жылдан 1940 жылға дейін латын графикасы қолданылып, 1940 жылдан қазірге дейін кирилл әліпбиі қолданылуда. Кириллица негізіндегі жазудың қазақ тіліне тән ерекшеліктердің бәрін дұрыс көрсете алмауына байланысты 2025 жылдан бастап қазақ ұлттық жазуын латын графикасына ауысуы жобалануда.Түркия_мен Батыс елдердегі қазақтар әртүрлі латын жазуына негізделген әліпбиді пайдаланады. 2000 жылдан бастап Тура Жазу енгізіле басталды, латын және кирилше түрінде. Тура Жазу Ахмет Байтұрсынұлы дыбыс жүйесін қолданады, оны енгізумен жеке меншік, мемлекеттік емес орталық айналысады. Қазіргі қазақ графикасы әріптерінің жазылуы тәсіліне және өрнегіне қарай жазу графикасы мен баспа графикасы болып бөлінеді. Қазақ жазу графикасындағы әріптердің нобайы көне орыс жазуындағы дыбыстар нобайының негізінде пайда болған.

Жазу үлгілері

Латын жазуы(ana tili)	Араб жазуы	Кирил жазуы	Барлық адамдар тумысынан азат және қадір-қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді. Адамдарға ақыл-парасат, ар-ождан берілген, сондықтан олар бір-бірімен туыстық, бауырмалдық қарым-қатынас жасаулары тиіс.
Латын жазуы(Tfura jazfu)	Тура жазу	Барлық адамдар тұумысынан азат және қадыр-қасыйеті мен құқықтары тең болып дүнийеге келеді. Адамдарға ақыл-парасат, ар-ождан берілген, сондықтан олар бір-бірімен тұуыстық, бауырмалдық қарым-қатынас жасаулары тийіс.	

Қазақ кирил әліпбиі — көбінесе Қазақстан мен Монғолияда пайдаланылатын әліпби. Бұл Сәрсен Аманжолов ұсынған әліпби 1940 ж. қабылданған, 42 әріп енген: 33орыс әліпбиінің әрпі және 9 өзіндік қазақша әріп Ә,Ғ,Қ,Ң,Ө,Ұ,Ү,Һ,І. Ертеде қазақ әріптері орыс әліпбиі әріптерінің сонында қойылған, сосын дыбысы жақын орыс әріптерінің артына жылжытылған.

Келесі әріптер:В,Э (1957),ф,Х,Һ,Ц,Ч,Щ,Ъ,Ь, қазақтың төл сөздерінде пайдаланылмайды. Бұл әріптер тек кеңестік дәуірінде орыс тілінен немесе роыс тілі арқылы енген сөздерде орыс емле нұсқауларымен пайдаланылған(1990жж. бері ресми және жеке жария ақпараттарда, әдеби шығармаларда пайдалануы азая түсуде, сиректеніп кетті).Х әрпі

қазақ фонетикасында Қ түрінде айтылады.Һ әрпі тек сиреген араб-парсы кіріс сөздерінде кездеседі, және де Х немесе Қ сияқты айтылады. У әрпі буын жасамайтын дыбысты белгілейді, және де ҰУ, ҮУ, ЫУ, ІУ псевдодифтонгтерді алмастыру үшін пайдаланылады.

Келесі әріптер алдыңғы және артқы ретті дыбысты жұпты белгілейді (әдетте жіңішке мен жуан деп аталады):

- Е — А
- Ө — О
- Ү — У
- І — Ы

Араб-парсы кірме сөздерінде Ә — А қарама-қарсы қоюы көрінеді.

Қазақ екпіні әрдайым тек соңғы буынға түсетіндіктен жазуда белгіленбейді.Қазіргі уақытта біздің ойымызша, қазақ тілін өзінің лайықты орнына шығартпай отырған бірінші кедергі, ол – кирил жазуы. Санамызға әбден орнығып алған орыс әріптерінен арылмайынша ана тіліміздің екінші дәрежеде қала беруі заңдылық. Қазіргі кезде қазақ әліпбиінің орыс әріптерінің негізінде құрылғаны былай тұрсын, тіпті орыс тілінің көптеген ғылыми-техникалық және саяси-қоғамдық терминдері ешбір өзгеріссіз, ешқандай заңдылыққа бағынбай, түпнұсқамен жазылып жүр. Бір айта кететін жайт, сол орыс тілінен енген барлық сөздердің тегі орыстікі емес. Мысалы,президент, конституция, цивилизация, функция, коммунизм, капитал т.с.с толып жатқан орыс сөздерінің тегі латыннан шыққан. Тек орыс тілі жат сөздерді қабылдағанда міндетті түрде өзінің тіл заңдылығына сәйкес етіп өзгерту арқылы енгізеді. Жоғарыда көрсеткеніміздей, 20-30 жылдары да қазақ тіліне кірген кірме элементтер тілдің заңдылығына толық бағынып заңдастырылған. Қазіргі кезде мерзімді баспасөз беттерінен орыс тілінен енген сөздерді қазақиландырып жазу механизмдерін көзіміз шалып қалады. Мысалы орыс тіліндегі автомобиль сөзін аптамобіл,факт' сөзі пәкті түрінде, авиация сөзі – ауасия түрінде игеріліп таңбаланған түрлерін де жүр. Осы мәселелерді сараптай келгенде, неге сол латын сөздерін қазақтың дыбыс заңдылығына бағындыра отырып, қабылдамасқа деген сауал туады. Ол үшін біріншіден, кірме сөздерді жуан және жіңішкелік принципке негіздеу, екінші принцип «түпнұсқалыққа жақындау» принциптерін қатар ұстау арқылы тілдің табиғилығын сақтауға болады.

Өз тілімізді өзіміз құртпайық,ағайын!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім,мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі,Қазақстан даму институты, 1998 ж., 509 бет.
2. Балалар Энциклопедиясы, II- том
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
4. Байділдаұлы Ә. Жаңа әліппе туралы. Қызылорда, 1928. –166 бет. – 117-121 бб[10, 117-121]
5. Қазақ тілінің емле ережелері// Төте оқу. – 1938ж. –26 апрель (№10-11) // Ауыл мұғалімі. – 1938. –9 наурыз. –48 б. (№6)
6. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру туралы ғылыми зерттеу материалдары. Алматы, 2007. –194 бет

ҚАРАТАЙ НҰРАЛЫҰЛЫНЫҢ САЯСИ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ КӨТЕРІЛІСКЕ СЕБЕП БОЛҒАН ЖАҒДАЙ

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Иманғалиев Алмас Тарих факультетінің І-курс студенті
Жетекшісі: т.ғ.к.,доцент Қабылшаев Қ. И.